



Біуіл

Газет
1930 жылдың
қараша айынан
бастап шығады

uil-gazet@mail.ru

№13 (7750), 28 наурыз, бейсенбі, 2019 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

НАУРЫЗДЫҢ НҰРЛЫ ШУАҒЫ ЖАҢҒЫРҒАН ДӘСТҮРМЕН ҰШТАСТЫ



ӨТКЕН БЕЙСЕНБІДЕ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІНЕ ОРАЙ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР ТАҢ ЕРТЕМЕН БАСТАЛДЫ. «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ» АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ АЛДЫНДА АУДАНЫМЫЗДА АЛҒАШҚЫ РЕТ НАУРЫЗДЫҢ НҰРЫ ТӨГІЛГЕН 12 АҚШАҢ КИЗҮЙ ТІГІЛІП, МЕРЕКЕГЕ ЖИНАЛҒАН ҚАЛЫҢ ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЕСІКТЕРІ АЙҚАРА АШЫЛДЫ. Наурыз тойға жиналған мыңдаған аудан жұртшылығы мекемелер ұсынған наурыз көжеден дәм татты. Наурыз той мерекесінде жалпы жиылғандарға 1 тонна бауырсақ пен 2,5 тонна наурыз көже таратылды. Күннің нұрлы шуағына малынған ағайын бір-біріне ақ тілектерін ақтарып, құшақтаса көрісті. Қарияларымыз елдің тыныштығын тілеп, ырыс, несібіміз арта берсін деген ақ баталарын берсе, мәдениет өнерпаздары домбыра шанағынан күй төгіп, арқалана өн салды. Биылғы Наурыз мерекесінің басты ерекшелігі Табиғат-Ананың өдеттегі жылдардағыдай тосын мінезі көрсетпей, мейірлене төккен шуағы ғана емес, сөн салтанаты жарасқан ақ боз аттармен жарапазан айтқан сал серілер, батырлар, аузы дуалы елдің абыз ақсақалдары, ақ жаулықты аналар мен ибалы келіндерден құралған шеру көпшіліктің көңілінен шықты. Шара барысында аудан әкімі Дастан Жарылқасынұлы аудан жұртшылығын мерекемен құттықтап, ауданның өлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысқан көбіне елеме бермейтін еңбек адамдарын марапаттады. Мерекеде арқа-жарқа болған жұртшылық киіз үйлерден дәм татып, ұлттық спорт ойындары мен күштік экстрим спорт түрлерін тамашалады. Наурыз мерекесінде киіз үйлер мен наурыз көже дайындаған мекемелерге арнайы номинациялар табыстанды.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Сол күні түске таяу аудан орталығындағы Ұлыстың ұлы күніне орай таңертемен басталған мерекелік іс-шаралар сай астында ат үстіндегі ұлттық ойындармен жалғасты. Ата-бабамыз өлімсақтан қазақтың болмысымен тектілігін жылқы жануарына теңеген. Демек, жылқы мен қазақ егіз ұғым болса

Бірінші орынды өп дегеннен теңгені іліп өкеткен Нұрбек Санатов жеңіп алды. Одан кейін аударыспақта нағыз батыр тұлғалы, күшіне мығым жігіттеріміз атқа қонды. Ойынның басынан қарсылас шыдатпаған Әділет Қайранбаев аударыспақтан дара көрінсе, Дәурен Жауғашты екінші орынға жайғасты. Үшінші

қорытындысына келсек, Өлібек Бюриннің «Бұйра жал» атты тайы мөре сызығын бірінші болып кесіп өтсе, Бекзат Сұлташовтың «Ақбай» атты тайы мөреге екінші болып келді. Ал, мөреге Қажымұқан Бюриннің «Байқасқа» атты тайы үшінші болып жетті. Ұлыстың ұлы күніндегі ұлттық ойындар әрі қарай көкпарға ұласты. Бұл додаға Қаракер, Берсиев, Амангелді командалары қатысып, тартысты ойын көрсетті. Тақымдары темірдей спортшыларымыз ойынның ережесіне бағынды. Бұған дейінде аудандағы ат үстіндегі ұлттық ойындарға бірнеше рет шығып жүрген жігіттеріміз ойын үстінде ешқандай дау тудырмады. Керісінше шеберліктерін көкпар алаңында көрсете білді. Нәтижесінде Берсиев командасы үшінші орында жайғасса, Амангелді командасы екінші орынды місе тұтты. Ал, ойын басынан ептілікпен ерекшелене көзге түскен Қаракер командасы қарымды ойын көрсетіп жеңімпаз атанды. Атап өтсек далада өткен ұлттық спорт түріне қолдау көп болды. Бір қуанарлығы ат үстіндегі дүбірлі додаға қаракерліктер сөйгіліктерін өбден жаратып өкеліпті. Оны жаппай көкпарда да бірнеше рет дәлелдеп берді.



керек. Міне сол жылқының ішіндегі қазанаты да, жігіттің ішіндегі нағыз азаматы да біздің ауданда жетерлік. Олай дейтін себебіміз жалпы ат спортының дамуына атбегі, шабандоз, көкпаршылармен қатар аудан жұртшылығы жаппай ат салысып келеді. Оның нақты айғағы бүгінгі өткен теңге алу сайысына ауданның 1983 жылы туылған азаматтары, аударыспақтан Талғат Сәттібаев, көкпардан «Береке» шаруа қожалығының жетекшісі Жексембай Берекеновтер қаржылай демеушілік көрсетті. Әрі қарай жалғасақ, сай астындағы ат спорты тамашалауға келген адам қарасы көп болды. Ат тұяғының дүбіріне делебесі қозған ағайын ат жалын тартып мінген әр азаматқа қолдау білдірді. Үлкендерге арнайылап тігілген ағаш үйлерден наурыз көже таратылды. Аудан орталығындағы дүкені бар кәсіпкерлер көпшілікке қажетті тағамдар мен сусындар шығарды. Ат үстінде отырып тегіс жерден теңге алу сайысына тақымды сайып қырандарымыз қатысты. Ойыншыларымыз қос тартпалы ерттелген аттарымен ойынның шарты бойынша белгіленген аймақтан теңгеге жеткенше жүгіріп келіп, тегіс жерде арнайы қойылған теңгені ептілікпен еңкейе алды. Жазық жердегі теңгені шеберлікпен алу сайысында Ерлан Қанатов үшінші орынды еншілесе, екінші орын Бақберген Базарбаевқа бұйырды.

орынды Бекзат Ауданбекұлы еншіледі. Одан кейін ат спорты өтіп жатқан алаңда әр ауылдан үмітін үкілеп өкелген тайлар сап түзеді. Бөйге алаңына бірінші рет тұяқ тигізіп тұрған тайлардың жұлдыздай аққан шабысы барша жұртшылықты біраз таңқалдырды. Жаратылып, бабында тұрған тайлардың аяқ алысы мен шабандоздың шеберлігі бөйге басталғаннан-ақ алға ұмтылған көріністен байқалды. Сонымен бірге адамдарды көріп қарасынған тайлардың басқа жаққа жасқаншақтап тартынған тұстары да біздің назарда болды. Тай жарыстың

Жаппай көкпар өте тартысты болды. Жиылған жұртшылықтың нағыз қаны қызып, делебесі қозған шақ осы жаппай көкпарда анық байқалды. Бұл бәсекеде топ ішінен дара шыққан Нұрбек Санатов қатарынан үш салым салып, атымтай азаматтар тіккен бірнеше қаржылай сыйлыққа қол жеткізді. Дүбірлі доданың соңында барлық спортшыларға қаржылай сыйлықтармен бірге мақтау қағаздары табыстанды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТКЕ КӘСІПКЕРЛЕР АЛҒЫСЫ

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы! «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпке-рлер палатасы еліміздің барлық бизнес-қауымдастығы атынан отандық кәсіпкерлікке танытып отырған әр қолдау-ыңызға аса құрмет пен шексіз алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіз!

Егемендігімізді алып, мемлекетімізді көркейтіп, өлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енгізу жолындағы жасалған әр сындарлы қадам - Қазақстанның Тұңғыш Президентінің еншісінде екені сөзсіз. Бұл жолдағы жеткен әр жетістікке тек еліміз ғана емес, барша әлем куә.

Экономиканы дамытудағы алғ-ашқы қадамдар, ауқымы кең қажетті реформалар - мұның барлығы бүгінгі көрсеткіштерге жету жолындағы Сіз қабылдаған сапалық шешімдердің нәтижесі. Елге жаңа бағыт-бағдар беру, кеңестік дәуірден кейінгі алғашқы жылдары нарықтық экономикаға сүрінбей өту үлкен қажырлықты қажет еткен батыл қадамдар.

Кәсіпкерлікке бет бұру, осы бағытта халыққа барынша қолдау көрсетіп, бизнесіегі алғашқы қадамдарға жол ашқан мемлекеттік бағдарламаларды қабылдауға қатысты әр қолдауыңызды ризашылықпен қабылдадық. Бұл бағдарламалардың барлығы іскерлік ахуалды жақсартып, елімізге инвестиция тартып, жеке кәсібін ашқысы келген азаматтар санын арттыруға септігін тигізді. Тәуелсіздік жылдары елімізде мыңдаған жаңа кәсіпорын мен бизнес-жобалар іске қосылды. Миллиондаған азаматтар жеке кәсібін ашып, тұрақты табыс көзін қамтамасыз етті.

Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің бастамаңызбен Қазақстанда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы құрылды. Осылайша отандық кәсіпкерлердің ортақ шаңырағына айналып, әлемдік нарықта ел бизнесінің тең дәрежеде өзін танытуына бар мүмкіндіктер жасалды.

Сіздің ұстанған сындарлы саяса-тыңыздың арқасында елімізде кәсіп-керлікпен айналысамын деген азаматтарға теңдессіз мүмкіндіктер жасалып, Қазақстанның бизнеске қолай-лы жағдайды қалыптастырағаны еленіп, әлемдік Doing Business рейтингісінде алдыңғы отыз елдің қатарына енді. Бүгінде елімізде 1,2 миллионнан астам кәсіпкер бизнесін жүргізуде. Бұл ең алдымен Сіздің жүргізген экономикалық реформаларыңыздың нәтижесі!

Қарапайым металлурттан басталған еңбек жолыңыз баршамызға еңбекке деген адалдықты, Отанға деген құрметті дәріптейтін баға жетпес үлгі! Бір ғана Сіздің өмір жолыңыз миллиондаған отандастарымыздың жарқын болашаққа, өзінің қабілеті мен мүмкіндігіне деген сенімін еселей түстетінін атап өткіміз келеді. Біз, Қазақстан кәсіпкерлері, еліміздің даму бағыты Сіз салған сара жолмен жүретініне сенімдіміз. Кез келген үлкен істің қалай дамитынын алғашқы қадамдар айқындайды. Кез келген мемлекеттің экономикасы оның бизнесінің дамуымен тікелей байланысты. Ал бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін еліміздегі басты тұғырды Сіз қалап бердіңіз!

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, бизнесқауымдастық Сіз артқан міндеттерді, қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін толық сезінетінін, Сіз анықтап берген елдің стратегиялық мақсаттарын орындауда бар күш-жігерін салатынын айтқымыз келеді. Сізге зор денсаулық, барлық ісіңізге сәттілік пен ұзақ ғұмыр тілейміз! Сіздің өмірлік тәжірибеңіз бен даналығыңыз Қазақстанның өріқарай өркендеуіне серпін беретініне нық сенімдіміз!

Аса құрметпен,
Қазақстан Республикасының
«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2019 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау-ды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сағыров Дастан Жарылқасынұлы, аудан әкімі	Сәуір айының - 3, 10 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Сәуір айының - 17, 24 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық фи-лиалының ғимараты	2-12-19
		Мамыр айының – 8, 15 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Мамыр айының - 22, 29 күні уақыты: сағ.- 10:00 ден - 12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық фи-лиалының ғимараты	2-12-19
		Маусым айының - 5, 12 күні, уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43. Аудан әкімдігі ғимараты	2-12-23
		Маусым айының - 19, 26 күні, уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Жолмырзаев көшесі, № 16 «НұрОтан» партиясы Ойыл аудандық фи-лиалының ғимараты	2-12-19

2019 ЖЫЛДЫҢ ІІ - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдау-ды жүргізген адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Кенжебаев Асылан Кенжебайұлы, аудан әкімінің орынбасары.	Сәуір- 2,9,16, 23 күндері Мамыр - 14, 21, 28 күндері Маусым- 4, 11, 18, 25 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-12-23
	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір- 8, 15, 22, 29 күндері Мамыр - 6, 13, 20, 27 күндері Маусым- 3, 10, 17, 24 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		
	Байманов Советхан Маратұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы міндетін атқарушы	Сәуір- 4, 11, 18, 25 күндері Мамыр - 2, 16, 23, 30 күндері Маусым- 6, 13, 20, 27 күндері Уақыты: сағ.- 10:00 ден -12:30 ға дейін.		

Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 14 наурыздағы №272 шешімімен Ойыл ауданы Қоғамдық кеңесінің құрамы төмендегі ретте бекітілді:

Ойыл ауданы қоғамдық кеңесінің құрамы		
р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы
1	Жантолы Бөкен Қабіұлы	Зейнеткер
2	Бектурганов Бактығали Қозыбаевич	Зейнеткер
3	Қойбағаров Серікбай	Аудандық «Ойыл газеті» ЖШС директоры
4	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы	Ойыл аудандық банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлерінің кесіподағы ұйымының төрағасы
5	Шалабаев Тыныштыбай	Аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы
6	Жиеналин Еркин Жумагазиевич	«Нұр Отан» партиясы ОАФ төрағасының бірінші орынбасары, аудандық мәслихат депутаты
7	Мамбетова Айсұлу Кенесарықызы	Аудандық мәслихат хатшысының міндетін уақытша атқарушы
8	Омарова Мейрамгүл Бақтығалиқызы	«Айгөлек бөбек жай» бала бақшасының директоры
9	Шаңғала Саламат Қомытұлы	Зейнеткер
10	Есмуханов Рысбай Кылышбаевич	Зейнеткер
11	Абиев Бағдат Асылханович	Өзін-өзі жұмыспен қамтушы
12	Әмірғали Аманғали Исағалиұлы	«Нұр-Асыл» ШҚ басшысы
13	Ниязов Жалғасбай Сүйеугалиевич	«Әділжан» ШҚ басшысы

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР СЕНІМДІ КҮШЕЙІТІП, ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Қазақстан Республикасында сот жүйесін халыққа қолжетімді, ашық ету мақсатында біршама жұмыстар атқарылғаны баршамызға мәлім. Соның ішінде сот жүйесіне еңгізілген заманауи технологиялар құрылым жұмысына серпін беруде.

Мысал ретінде айтар болсақ, сот мәжілісіне қатыса алмайтын оның ішінде қамқақ алынатын тұлғалар-дан басқа сот мәжілісіне қатысушы-лар «SMART» суд арқылы оның ішінде өзінің қалта телефонымен бейне бақылау құрылғысымен байланысып, сот мәжілісін өткізу мүмкіндігі қарас-тырылған. Қазіргі таңда аталған жоба өз жұмысын жалғастырып, халық игілігіне қызмет етуде.

Сонымен қатар сотқа қандайда болсын талаппен жүгінгісі келетін азаматтар интернет желісінен «Сот кабинеті» сервисі арқылы өз үйінен шықпай-ақ талап арыз бере алады. Осы енгізілген ақпараттық техно-логия шалғайда тұратын азамат-тардың қаржыларын және уақыт-тарын тиімді пайдалануына мүмкіндік беріп отыр. Соңғы жылдары сот жүйесіне біршама ақпараттық техно-логиялар еңгізіліп, қарапайым халық-тың мүддесіне қызмет атқаруда. Соның ішінде айтып кететіні, сотқа шақыру мәселесін шешіп беріп отыр. Яғни осының алдында сот мәжілісіне қатысатын тұлғаларды арнайы шақырту қағаздарын жазып, қолма-қол немесе пошта арқылы жөнелту жұмыстары арқылы ербітін. Осы жазылған сотқа шақыру қағаздары баратын жеріне барып болғанша, жауап келгенсе біраз уақыт алған болатын. Сот жүйесіне енгізілген жаңа технология уақытты үнем-

деумен қатар ескі байланысқа нүкте қойды. Енді сотқа шақыру қағазын қолма-қол жазбайақ, SMS хабар-ламаны ұялы телефон нөмірі арқылы бірден азаматтарға жіберіп, сотқа шақыру процесі өлдеқайда жеңілдеді. Енгізілген жаңа технологияның игілігін өзге мемлекеттік мекемелермен байланыс барысында да тиімді пайдаланып отырмыз.

Еліміздің сот жүйесінің бүгінгі ғылым мен техниканың жетістігін өз тәжірибесіне кеңінен енгізуі заман талабынан туындаған қажеттілік қана емес, бұл сот төрелігін барынша халыққа ашық, әрі қолжетімді ету мақсатында қолға алынған игі шаралардың бірі. Сот жүйесінің сапасын арттыруда да заманауи технологиялардың берері мол. Әсіресе, бұл сот қызметкерлерінің жүктемесін азайтып, әділсот жұмысын оңтайлы ұйымдастыруда да ақпараттық технологиялардың көмегі өлшеусіз. Заманауи ақпарат-тық технологияны сот жүйесіне еңгізу және оны одан әрі жетілдіру сөзсіз сот билігінің беделін жоғары-латып, халық сенімін арттыруға өз септігін тигізуде. Сот саласындағы жүргізіліп жатқан тың реформалар мен жаңашылдықтар құқықтық саясаттың басты қағидаттарын басшылыққа алып, мемлекет пен қоғам институттарын одан әрі демократиялық және құқықтық мем-лекеттің сұранысына сай жасақ-талған сот жүйесі қалыптасып, тұтастай алғанда толық қанды жұмыс атқарып келеді.

А.ҚЫДЫРҒАЛИЕВ,
Ойыл аудандық
сотының бас маманы.

СІЗ МӘМС ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Қазақстанда ағымдағы жылдың ішнде айынан бастап міндетті өлеу-меттік медициналық сақтандыру жүйесі өз жұмысын бастайды.

Біздегі медициналық сақтандыру үлгісінің негізгі қағидаттары: ынты-мақтастық, жаппай қамту және әділ-еттілік, қаражат жинау кезінде – «әркімнен төлем қабілетіне қарай», ал медициналық көмек алуда «әркімге қажетіне қарай».

Аталған жүйе жинақтаушы жүйе емес, және қаражатты дербестен-діре бөлу қарастырылмаған.

Ортақ қаржыландыру - бұл ай-сайын Медициналық сақтандыру қорына жұмыс берушілер, жұмыс-керлер, өзін-өзі қамтитын азаматтар және негізгі өлеуметтік қорғалмаған тұрғындар үшін негізгі төлеуші ретінде мемлекет тарапынан түсетін жар-налар мен аударымдар.

Тұрғындар 2020 жылдың 1 қаң-тарынан бастап міндетті өлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы медициналық көмек ала бастайды. МӘМС жүйесінде сақтандырылған мөртебесін анықтау үшін өзінің ЖСН ұсыну жеткілікті.

Өлеуметтік медициналық сақтандыру қорына кімдер жарна төлемейді? Бұл, олар үшін мемлекет жарна төлейтін, өлеуметтік қорғалмаған азаматтардың 14 санаты:

1) балалар;
2) жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
3) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
4) бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) іс жүзінде тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар;
5) бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;

Сонымен бірге, әскери адамдар, арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлері, құқықорғау орган-дарының қызметкерлері Медицин-алық сақтандыру қорына жарна төлеуден босатылған, бірақ оларға ведомстволық желідегі мекемелерде медициналық қызмет көрсетіле береді.

МӘМС жүйесінде сақтан-дырылған азаматтар қандай медициналық көмек алады?

Алғашқы медициналық-

баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағай-ындау,

5. Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою, 6. Жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау,

Электрондық қызметтердің өйгілігін арттыруы және олардың алға жылжуы үшін, қолданушыларды ақпараттандыру бойынша жедел іс-шаралар қарастырылып жатыр. Қазіргі өлемде цифрлық техно-логиялар ел экономикасын дамытуда өте маңызды рөл атқарады. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсуге, экономиканың және ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, халықтың өмір сапасын жақсартуға қол жеткізу үшін цифрлық эжожіені жеделдете дамыту екендігін ұғындыру мақс-атында білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №913 қаулысымен өзгерістер енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйек №983 қаулысымен бекітілген тізілім бойынша Ойыл аудандық білім бөлімінде таза электрондық түрде «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны - 6. Оның ішінде қызметтердің түрлері бойынша:

1. Қорғаншылық және қамқор-шылық жөнінде анықтамалар беру,

2. Көмелетке толмаған балалар-дың мүлкіне иелік ету және көмелет-ке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру,

3. Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат ныса-нында оқытуға рұқсат беру,

4. Баланы (балаларды) патро-наттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген

Аудандық білім бөлімі

санитар-лық көмек - амбулатор-иялық жағдайда және күндізгі стац-ионарда көрсетілетін емханалар қызметі, оның ішине аурудың алдын алу, диагностикалық зерттеу, емдеу, жүктілік ағымын бақылау, меди-циналық манипуляция, т.б.;

· Арнайы және жоғары тех-нологиялық медициналық көмек-ке арнайы тәсілдер мен күрделі медициналық технологияларды қажет ететін аурулардың алдын алу, диагностикалық зерттеу, емдеу кіреді;

· Жоспарлы медициналық кө-мек емделуші сырқаттанған және оның өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда ауруханаларда көрсет-іледі;

· Сырқатана қарай бекітіл-ген тізімдемеге сәйкес дәрі-дәрмек-пен қамтамасыз ету;

· Мейіргерлік күтім - ауыр сыр-қат сапдарынан, өзіне-өзі қызмет көр-сету мүмкіндігінен айырылған, ұдайы сырттан күтім мен қарауға мұқтаж жандарға көмек көрсету;

· Паллиативтік көмек – емдел-мейтін, өміріне қауіп төндіретін және ауыр өтетін аурулары бар пациен-ттердің өмір сүру сапасы мен жалпы жағдайын барынша жайлы етуге арналған медициналық және өлеу-меттік көмек.

Мемлекет ТЕГІН медициналық көмектің мынадай түрлеріне кепілдік береді:

· Жедел жәрдем және санитарлық авиация;

· Өлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті, пси-хиатриялық және т.б.) және шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмек;

· Профилактикалық егулер.

А.ҚАЗИЕВА,
Аудандық аурухананың
СӨСҚ маманы.

Внесено в Реестр государственной реестрации нормативных правовых актов за № 5988 от 11 марта 2019 года в Департаменте юстиции Актыобинской области

РЕШЕНИЕ АКИМА СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИМЕНИ ШЫГАНАКА БЕРСИЕВА

7 марта 2019 года № 6
О снятии ограничительных мероприятий и признании утратившим силу решения акима сельского округа имени Шыганак Берсиева от 14 декабря 2017 года № 26
«Об установлении ограничительных мероприятий»
В соответствии со статьями 35, 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 10-1 Закона Республики Казахстан от 10 июля 2002 года «О ветеринарии», на основании представления главного государственного ветеринарного - санитарного инспектора Уилской районной территориальной инспекции Комитета ветеринарного контроля и надзора Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан от 05 февраля 2019 года № 2-13/19, исполняющий обязанности акима сельского округа имени Шыганак Берсиева РЕШИЛ:

1. Снять ограничительные мероприятия установленные на территории села Каратал сельского округа имени Шыганак Берсиева, в связи с проведением комплекса ветеринарных мероприятий по ликвидации заболевания бруцеллез среди крупного и мелкого рогатого скота.

2. Признать утратившим силу решение акима сельского округа имени Шыганак Берсиева от 14 декабря 2017 года № 26 «Об установлении ограничительных мероприятий» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 5778, опубликованное 29 декабря 2017 года в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде).

3. Государственному учреждению «Аппарат акима сельского округа имени Шыганак Берсиева» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актыобинской области;

2) направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.

4. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.

5. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Исполняющий обязанности акима сельского округа имени Шыганак Берсиева

А. Ж. Избасов

Ақтөбе облысының әділет Департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2019 жылғы 11 наурызда №5988 болып тіркеуден өткен

ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ ШЕШІМІ

7 наурыз 2019 жыл № 6
Шектеу іс-шараларын алу және Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 26 «Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы» шешімінің күші жойылды деп туну туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық - санитарлық инспекторының 2019 жылғы 05 ақпандағы № 2 - 13/19 ұсынысы негізінде, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара және ұсақ малдарының арасында бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралардың жүргізілуіне байланысты, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі Қаратал ауылы аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 26 «Шектеу іс - шараларын белгілеу туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5778 тіркелген, 2017 жылдың 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. «Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облыстық Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы

А. Ж. Избасов

Автордан: Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында тарихымызды нақтылау тапсырылған. Сонымен қатар 2019 жыл «Жастар жылы» деп жарияланды. Осы маңызды шаралар аясында жастарымызды отан сүйгіштікке, ата-баба аманатына адалдыққа тәрбиелеу мақсатында елді, жерді, халқымызды сақтап қалу жолындағы ата-бабаларымыз бен мемлекет қайраткерлерінің жанқиярлық еңбектерін, көп жария болмаған шындық тарихтың бір парасын ұсынуды жөн деп есептеймін.

ТАРИХТАН ТӘБӘРІК

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ БОЛҒАН СТАЛИН

Орыстың атақты саяхатшысы, зерттеуші ғылым Н.М.Пржевальский 1870-1885 жылдар аралығында Орталық Азияға ірі-ірі 4 саяхат жасапты. 1879 жылы үшінші саяхат-ына шыққанда су тасқыны, жол қатынасының киыншылығына байла-нысты Гори қаласында март айында бір ай бойы еріксіз аялдаған.

Петербург ҒА-ның құрметті мүшесі, генерал-майор Н.М.Пржевальскийге Ресей патшасы ІІ Александрдың тапсыруымен Грузия князі тарапынан барынаша құрмет көрсет-іліп, дербес қонақжай мен күтуші қыз беріліпті. Атақты саяхатшы ғылым мен күтуші қыздың арасындағы сезімдік байланыс нәтижесінде қыз жүкті болып қалады. Осы жағдайға байланысты қала басшысы ол қызды қаладағы майдангер етікші Висс-сарион Джугашвилиге өйелдікке беріпті. Сонымен 1879 жылдың 21 желтоқсанында Иосиф Виссарионович Джугашвили – Сталин деген қазақ халқының қасіретіне айналған, некесіз-шата бала дүниеге келген. Совет мемлекетін құрған Лениннің қамқорлығымен Сталин револю-циялық қызметке ерте араласып, ақырында Ресей Коммунистік партиясының Бас секретары дәреж-есіне жеткен. Лениннің науқастығына байланысты бар билікті қолына алып, тектіден туса да тексізден –қатігездік мінез қалыптастырғанында алаң-даған Ленин 25.12.1922 ж. «Сызге хатында»: «Сталин жолдас Бас секретарь юолып алғаннан кейін, ұшан-теңіз билікті өз қолына жинап алды, сондықтан осы билікті оның өрдайым жеткілікті түрде абайлап пайдалана алар-алмасына мен сене алмаймын. Сталин тым дерекі мінезді, өз ортамызда тәзуге болатын бұл кемшілік. Бас секретарь қызметінде төзгісіз болып барады. Сондықтан мен жолдастарға Сталинді осы орыннан ауыстыруды, бұл орынға басқа адамды тағайындауды ұсынамын», - деп жазды. (Ленин шығармалар жинағы 36т. 593 бет)

В.Ленин қайтыс болғаннан кейін өткен партияның 1924 жылғы майдағы 13-сезінде бұл хат оқылды, бірақ та Сталинге қарсы келер қайраткер болмады да, Ленин көрсеткен кемшіліктерден тиісті қорытынды шығару ұсынылды.

Өткен тарихқа көз салсақ, Совет мемлекетінің басшылары қазаққа деген қатігездікті көп жасады. Мемлекет басшысы Сталин атақты Шыңғысханның қазақ тайпасынан шыққан адам екенін анық білді. Шыңғысхан мен оның ұрпақтары Ресейдің де, Грузияны да, басқаларды да күшпен басып алды. Болъ-шивиктерді мойындамай, Алашорда автономиясын құрған қазақтардан соны кепін қайтаруды мақсат етті. И.Сталин қазақ жерін Ресейге қосуды көздеді. Оған негіз де бар еді. Себебі осыдан 290 жыл бұрын Әбілқайыр хан мен Абылай сұлтан қалмақтардан қорғану мақсатында өз еріктерімен Ресей патшасының қоластына кірген еді. 1824 жылы Қазақ хандығы жойылған соң 1920 жылға дейінгі 96 жылда Қазақ жері Ресейдің 3 генерал-губернаторлығына:

- Теріскей және Шығыс облыстар-орталығы Омбы, Батыс Сібір генерал губернаторлығына;

- Орталық және Оңтүстік облыстар-орталығы Ташкент; Түр-кістан генерал губернаторлығына; - Батыс облыстар - орталығы Орынбор, Орынбор генерал-губерна-торлығына қарап, быт-шыт боп бөлініп кеткен.

Шыңдығында осы 96 жылда Қазақ деген дербес мемлекет болмаған еді. Абырой болғанда Құдай қолдап, Алашорда қайраткерлері: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтердің жанқиярлық еңбегі мен бұлтартпас Қазақ еліне 140 жылдық шапқыншылығында көрсеткен қайғы-қасіретінің бір парасын

өтегендей болып, 1920 жылғы 26 тамызда Орта Азияда 1-ші етіп Қазақ АССР-ын құрып, шекарасын нақтылап бер-мегенде, Сталин қазақ жерін Ресейге қосып жіберетін еді. В.Лениннің көзі тірісінде Сталин ондай өрекетке бара алмады.

Сонда да Сталин қазаққа деген зұлмат-зұлымдықты аз жасаған жоқ. 1922-23, 1932-33 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық, 1934-35 жылдардағы еріксіз ұжымдастыру, 1937-38 жылдар-дағы қуғын-сүргін, 1941-45 жылдардағы соғыс сал-дарынан 6 миллион қазақтың 3,5 миллионы ажал құшты. Олардың ішінде қазіргі бар қазақтың бөрінің де, бөріміздің да ата-баба, туыс-бауырларымыз бар. Олардың бей-күне рухтары Жәннаттан орын алсын деп тілейік.

В. Ленин өмірден ерте өтіп, бар билікті қолына алған Сталин қатігездіктің шыңына шықты. Өзін медициналық тексеруден өткізіп, психоз-параной деп диагноз қойып, «Сізге мұндай науқаспен ел басқаруға болмайды, халықтың обалына қаласың», - деп кеңес берген невропатолог-психиатор, медицина ғылымдарының докторы профессор Владимир Михайлович Бехтеревке уланған алма мен жүзімді еріксіз жігізіп, 1927 жылы 24 декабрьде өлтіртті. Өзіне бақталас болады деп СССР Революциялық Әскери Советінің председателі Михаил Васильевич Фрунзеге асқазанында жара бар деп, еріксіз операция жасатып, 1925 жылы 31 октябрьде дәрігерлердің қолымен өлтіртті. Қазақстанды қамқорлыққа алған Ленинград обкомының І секретары 1934 жылдың күзінде Алматыға келіп КАЗГУ, қазіргі Әль-Фараби атындағы Ұлттық университетті ашып, Қандыағаш-Гурьев теміржол құрыл-ысын бастап берген Сергей Миронович Кировты 1934жылы 1 декабрьде өз кабинетінде аттырды.

Осы қылмыстарын жасыру мақсатында «күдікті» деп айыптап, өзіне ұнамаған, бақталас болады деп есептеген жазықсыз 150 зиялы, білімді азаматтарды Ленинградтан, Москвадан Ойылға жер аударды. Оларды 1935 жылдың январында Ойыл шіркеуіне-қазіргі қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш тұрған алаңға қамап, сол қыста түгелге жуық суықтан, аштан, сүзектен қырылып, сүйектері қазіргі аудандық өкімдіктің оң жағындағы бірінші үйдің тұсындағы жарбасқа көмусіз тасталып, күл-қоқыс пен жардан құлаған топырақ басып қалды.

Содан кейін Ақтөбеге келіп Алға химкомбинатын ашып, аман қалған 7 азаматты сол кездегі Ойыл аудандық партия комитетінің І секретары шымкенттік азамат Нұрлыбек Әбдікерімов қамқорлады. Олардың ішінен профессор М.Х.Леденцов орыс мектебіне физикадан, Ю.Е.Перлин Симонова - музыкадан сабақ берді.

Н.Малиновский Шығанағы алағш суретке түсірген фотография, В.А.Воробьев аудандық банкте қызмет атқарды. Сол азаматтық, адамгершілік қамқорлығы үшін І секретарь «халық жауы» болып, 1937 жылы атылды. Ойыл халқы, сол кезде аудандық партия комитетінің секретарьлары болып қызмет жасаған Сабыр Қуандықовтың, Жұма Байғожиннің, аудандық газеттің редакторы болған АқБас Дүйсенбаевтың қамқорлығымен оның әйелі мен 10 жаса баласына азық-түлік пен қаражат жинап беріп, жасырын түрде өгіз арбамен ел аралап, жартылай жаюа гастрольге шыққан Ойыл театрының артистеріне ілестіріп, Ойыл-Темір-Шалқар арқылы еліне жөнелтті. Осы өрекеттері үшін С.Қуандықов пен А.Дүйсенбаев та «халық жауы» боп атылды. Ойыл аудандық банкінде қызмет жасаған Виталий Андреевич Воробьев «ашта жеген құйқасының демін тоқта ұмытпай», 1960 жылдардың аяғында СССР Орталық Банк басшысының орынбасары болып тұрғанда, сол кездегі Ойыл аудандық Банк басшысы Ш.Пангереевтің өтініш хаты бойынша қаржы бөлдіріп,

Ойылға 2 қабатты банк ғимараты салғызып берді, ол қазіргі Қазына-шылық басқармасы орналасқан үйі.

«Атаңа не көрсетсең, алдыңа сол келеді» дегендей, Сталин өзінің ең сенімді досы, қазіргіше айтқанда президент аппаратының басшысы деңгейінде қызмет атқарған Лав-

рентий Берияның уланған тамақ беруімен емдеуге дәрігерлер жіберілмей, бар қылмысы кино лентадағыдай көз алдынан өтіп, қырылған қазақтардың рухы жаналғыш боп елестеп, бес күн бойж жан азабын тартып, ит өлімімен 1953 жылы 5 мартта өмірден өтті.

Әпербақан Хрущев

Сталин өлгеннен кейін жарты жылдай мемлекет пен партияның жоғары басшылығында Г.М.Маленков болып, халыққа аз-кем болса да, жағдай жасады. Ауылдағы өрбір отбасына 1 жылқы, 2 сиыр, 5 қой ұстауға рұқсат берілді. Дегенмен мемлекет басындағы билік үшін Г.Маленков, А.Булганин, Н.Хрущев арасындағы шайқаста Н.Хрущевтың жақтастары басым болып, 1953 жылы сентябрьде ол партияның ОК І секретары болып сайланды. Ауылдағы өрбір отбасына жылпына 50 кг ет, 8 кг сары май салық салынды. Ағайын екі отбасы үшін 50 кг ет салығына бір баспағын кезекпен төлейтін болды. Ауыл адамдары тек қана мемлекетке жұмыс жасауы керек деп, күш көлігі, мінетін – жегетін жылқы ұстауға тыйым салынды. Ел арасында «Маленков берген байталды, Хрущев келіп қайта алды» деген мысқыл сөз тарады.

Хрущев өуелден Ресей мүдделі болған теріскейдегі 5 облысты біріктіріп, 1960 жылы «Тың өлкесін» құрды, орталығы Ақмоляны Целин-оград деп өзгерттірді. Осы 5 облыстан тұратын «Тың өлкесін» Ресейге қосуға өрекеттенді. Оған КСМолла облысында туған, сол кезде Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі қызметін атқарған патриот қайраткер Жұмабек Ахмет-ұлы Төшенев жатты қарсылық көр-сетті. Заң бойынша мемлекеттің бір бөлігін мемлекетке беру үшін Қазақ ССР Министрлер Советі қаулы қабылдауы керек болатын, ал Ж.Төшенев оған жол бермеді. Соның салдарынан Д.Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК І секретары, ал Ж.Төшенев Қазақ ССР Министрлер Советінің председателі қызмет-терінен босатылды. Екі қайраткердің арқасында аталған 5 облыс Қазақ ССР-ы құрамында қалды.

Н.Хрущев мақтаншылықпен, даң-ғазалықпен, сыңаржақ әпербақандық волюнтаризмге жол берді. Мемлекет байлығын шетелдерге таратты. Қазақ елі жылма-жыл бір миллиард пұттан астам астық жинаса да, тойып нан жей алмады. 1962-1964 жылдары ел жартылай аштыққа ұшырады. Адам басына айына талон бойынша бір-бір килодан қарабидай, картоп, жүгері, арпа ұндары берілді. Олар бірігіп іленіп, қамыр-нан болмады. Халық 1963-64 жылы қоян жылының жұтында қырылған, арам өлген малдардың етін жеуге мәжбүр болған. Оны «сонное мясо» деп атап, үкіметтің рұқсатымен ашық сат-қызды. Осындай қылмысы үшін Н.Хрущев 1964 жылы октябрь айында қызметінен күшпен еріксіз босатылды.

Көпірме сөз Горбачев
Совет мемлекетінің, партия-сының жоғары басшылығында 1964-1982 жылдары аралығында 18 жыл қызмет жасаған Леонид Ильич Брежневтің уақытында Қазақстан үшін Совет мемлекетінің құрамында болған 70 жылының ішіндегі қолайлы кезең болды дегуге болады. Қазақстан Компартиясы ОК І секретарлығына Д.Қонаев қайта келді. Л.Брежнев те Д.Қонаев та бір-бірімен достықта, сыйластықта жұмыс жасап, халы-қтың өл-ауқаты біршама көтерілді. Дегенмен Л.Брежневтің соғыс салдарынан көпген денсаулығы (жағы жасанды, көп сөйлеуге шамасы келмейтін) 220 миллион халқы бар Совет мемлекетін бақы-лауда ұстауға, қатты талап қоюға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар мінезі орнықты, мемлекет партия қайраткерлеріне сеніммен қарай-тын. Ол жағдай мемлекеттің тоқырауына әкелді. Ақырында ол өмірден өтіп,1985 жылы мемлекет басына М.Горбачев келді. Ол

көпірме сөз «Қайта құру» жаңалығын жариялады. Бірақ ештеңе де қайта құрылмады. Қосып жазу, жалған мәлімет, жоқты бар етіп мақтану мемлекеттің қасіретіне айналды. Елдегі жағдайды түзетудің орнына әйелі Раисамен күші шет мемлекеттерді аралап,

З Таным

Құрманғазы. Алты күй

ҚҰРМАНҒАЗЫ САҒЫРБАЙҰЛЫ ҚАЗІРГІ ОРАЛ ОБЛЫСЫ ЖАҢАҚАЛА АУДАНЫНЫҢ ЖІДЕЛІ ЖЕРІНДЕ ТУҒАН. ЖАСЫНАН ӘН-КҮЙГЕ ӨУЕСТІГІМЕН КӨЗГЕ ТҮСЕДІ.



Алғашқы ұстазы ел арасына «Жан Базар күйшісі» атанған болды. Ұзақтан Байжұма, Соқыр Есжан, Шеркеш күйлерін үйреніп, орындаушылық шеберлігін шыңдады.

Еңбекші бұқараның бай феодалдар мен ауыл ұлықтарына қарсы күресі Құрманғазы шығармашылығының негізі өзегіне айналды. Құрманғазы қазақ ауылындағы таптық қайшылықтардың жігін ерте ажыратып, халқының арман-тілегі мен мұң-шерін өз күйлерінде қозап отырды.

Бұл қылығы үшін ол «ақ патшаның» қырдағы итаршыларынан өмір бойы қуғын көрді. Күйшінің соңына түсіп, жазықсыз жала жауып кінәлап қудалауына ұшырады. Алайда Құрманғазы еш бір сөт жауына бас иіп мойыған емес. Қайта айналада болып жатқан өмірдің ең өзекті уақиғалары мен көкейтесті құбылыстарын өз күйлерінде шынайы бейнелеп отырды. Құрманғазының алғашқы шығармаларының бірі – «Кішкентай». Бұл күй көтеріліс басшысы Исатайға арналған. Оның шығарған «Ақбай», «Ақсақ киік», «Көбік шашқан», «Түрмеден қашқан», «Адай» деген күйлерінде нұрлы болашақ, халық үміті, үстем тапқа деген ыза-кең шебер суреттелді. Күйші «Сарыарқа» күйі арқылы туған жерді, кең байтақ даланы көз алдына келтіреді. Құрманғазы күйлері тыңдаушысын бай сазымен, көрбез нақышымен, жігерлі қуатымен борандайтып, ұшқыр екіпілімен баурап өкетеді.

Күйлерінің көпшілігінің тақырыбы бар, құрылымы жағынан бір жүйеге түскен ауқымды туындылар. Күйші домбыраның орындау әдістерін, аспаптың дыбыстық және техникалық бай мүмкіндіктерін мейлінше толық қолдана білген. Құрманғазы күйлерінің ерекшелік-теріне – күйдің шарықтау шегінің, яғни кіші саға мен үлкен сағаның жазыла түсуінің арқасында домбыра диапазоны толық игеріліп, күйдің өзіндік өлшемі мен ыргағы шығарманың өне бойында ауытқымай сақталып отырады. «Балбырауын», «Ертең жетем», «Бұқтым-бұқтым», «Балқаймақ», «Боз қаңғыр», «Не қрич не шуми», «Айжан-ай», «Лаушкен» т. б. көптеген күйлері жайлы төменде толық анықтамалар беріледі: «Қайран шешем» – Құрманғазының күйі. Ақбайдың шабармандары Құрманғазыны арбаға байлап жүргелі жатқанда шешесі Ақбаланы көреді. өлпештеп өсірген анасына өлі күнге

дейін қайырымды іс істемегеніне өкініп, енді тағы міне айдалып бара жатқанын ойлап, көзіне жас кеп, шешесінің қасына келеді. «Мен ұл таптым деп жүрсем, жаман, жасық немені туған екем ғой. Кімнің алдында көзіңнен жас шығарып тұрсың?» – деп, жағына шапалақпен тартып жібереді. Құрманғазы өзінің қателігін түсінеді. Орал түрмесінде жатқанда осының бөрін ойлап, шешесіне арнап «Қайран шешем» атты күйін шығарады. Күй күйшінің қапастағы халін баяндағандай баяу басталады да, бірте-бірте әсерленіп, шабыттана тегіледі.

«Қапы» – Құрманғазының күйі. Құрманғазы өшескен би оның соңына түсумен болады. Бір жында домбыра тартып, Исатай, Махамбет толғауын айтып отырған Құрманғазыға «Сен Исатай Махамбеттің толғауын айттың», деп кіне тағып күйшіні ұстатады. Міне, осы өкінішке байланысты «Қапы» деген күйін шығарған екен.

«Қош, аман бол» – Құрманғазының күйі. Құрманғазы қапылыста ұсталып Орда түрмесіне жөнелтілейін деп тұрғанда «Қайтып көріскенше қош аман болындар, халқым» деп, «Қош, аман бол» күйін тартыпты.

«Қыз Данаидың қырғыны» – Құрманғазының күйі. 1850 ж. Құрман-ғазы Жем өзенінің бойындағы Төремурат, Өтен, Нарымбай ағаларымен барып қыз Данаиды алып қайтады. Қыз соңынан шапқан қуғыншыларды Құрманғазы отауға жібермей келгенін қағып түсіріп, қорғап тұрады. Оның бұл батырлығына нағашылары риза болып, сый-құрмет жасайды. Шабыты шалқыған күйші осы қуаншысқа арнап «Қыз Данаидың қырғыны» күйін шығарады. Құрманғазы күй арқылы ат тұяғының дүбірін, қиян-кескі ұрысты суреттейді. Арасында қыз Данаидың сұлулығын, сыңғырлаған күлкісін сазды дауыстармен бейнелей білген. Бұл күйдің шығуына байланысты Төремурат ел жып, мал сойып үлкен той жасайды.

«Қызыл қайың» – Құрманғазы ен далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып, қуғыншылардан аман қалыпты дейді. Кейін: «Менің елім де, жерім де, ағашым да пана екен. Анадай қамқор болып, жапырағымен жауып пана болған қызыл қайыңға арнап едім», – деп осы күйді шығарған екен.

Сәбетқазы АҚАТАЙ, мәдениеттанушы, профессор.

Ойыл аудандық білім бөлімі, аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының төрағалары Амангелді орта мектебінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Әбдірзақ Мейірімге, туған-туыстарына

аналары Меруерттің өмірден озуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы, Мамбеталин Киікбай (28.02.1959ж-26.03.2016ж)

Бөрі-дағы без қалпында, Арада тек сіз жоқсыз. Кешегі өке біздерге, Қол жетпес арман боп тұрсыз. Енді ешқашан келмессіз, Бізге демеу бермессіз. Беймәлім қайтпас өлемге, Асығып неге кеткенсіз. Кеше де келдік үнсіздік, Бүгін де келдік үнсіздік. Тілдесу үшін бізбен, Берсе үшін Аллаһ мүмкіндік. Басыңды бір рет көтеріп, Өзің айт, бізді күлдіріп. Топырақтан жасап көрпені, Жамылдың неге бүркеніп. Күлімдеп жайна тағы да, Жүрмін ғой есті жия алмай. Мұңайып сізді сағына, Өкешім, жан өкөтайым. *Еске алушыңыз: жұбайы Күләш, бала-келіндері, қыз-күйеу балалары, немерлері, жиендері.*



Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1740 дана. Тапсырыс №155 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«А-Полиграфия» баспаханасында басылды. Т.Рысқұлов көшесі, 190.

Басылу сапасы жөнінде 56-21-54 телефонына хабарласуға болады.

ҚАРАТАЛДАҒЫ НАУРЫЗ ХАЛЫҚТЫҢ ЫНТЫМАҒЫН КӨРСЕТТІ



Қазақ халқы үшін жыл басы саналатын Ұлыстың ұлы күні биыл күндердің сұлтаны саналатын жұма күніне сәйкес келді. Дәл осы күні Наурыз мерекесін қараталдықтар үлкен дайындықпен қарсы алды. Ауылдың күн шығыс бетінен ағаш үй тігіліп, ауыл өнерпаздары ашық аспан астындағы сахнада мерекеге орай концерттік бағдарламасын тарту етті. Толығырақ тарқатсақ, Гүлсім Мұхамбетқалиева «Туған жер» өнім домбыраның қоныр үнімен әуелете шырқаса, Еңікгүл Амангелді мен Фариза Аманжолова орындаған өсем өңдер көпшіліктің қызу қолдауына ие болды. Әрі қарай ардагер ұстаз Саламат Шағала жиылған жұртшылыққа ақ батасын берсе, «Шаңырақ» әжелер клубы мәдени шараға тамаша өңдерімен өрледі. Атақты диқан, ақ тарының атасы Шығанақ Берсиевтің топырағында өткен Наурыз той өрі қарай ат үстіндегі ұлттық ойындармен жалғасты. Ауыл азаматтарының демеушілігімен өткен ат спорты тай жарыспен басталды. Бөйге алаңында 15 тай сап түзеп, Екпетаал елді мекенінен арнайы әкелген Серік Мусиннің тайы мәреге бірінші болып жетті. Екінші болып қараталдық Дәулет Ыбырайымовтың тайы келсе, үшінші орын тағыда Қаратал ауылының азаматы Ғалымжан

Бахитовқа бұйырды. Аударыспақтан Ардақ Ақдаулетовке тең келер ешкім болмаса, теңге алу сайысынан облыстық, республикалық додаларда топ жарып жүрген Ринат Смағұлов жеңімпаз атанды. Ауылдың таза табиғи өнімдерін жеп өскен күшіне мығым ауыл жігіттері арқан тарту сайысын өзара қыздыра түсті. Бойдағы бар күшін салып бұлқып тарту кезіндегі арқанның үзілуі оның нақты айғақты көрінісі. Нағыз күштілер күш біріктіріп, бақтары сыналатын бұл сайыс түрінен Шығанақ Бериев көшесінің жігіттері бірінші орынға ие болды. Қошқар көтеру сайысынан Марал Елеусін дара шығып, қошқарды өз еншісінде қалдырды. Осылайша Ұлыстың ұлы күнін ұлттық ойындарға ұластырған қараталдықтар мәдени-көпшілік шара аяқталғаннан кейін Кекпар ұйымдастырып, бірінші орынды «Ауыл жастары» командасы жеңіп алды.

Р.С. Айтулы күні Қараталда атқа мінген азаматтар көп болды. «Ағайынның аты озғанша ауылдастың тай озсын», демекші қараталдықтар Ұлыс күнінде үйдегі жал-құйрығы таралған сөйгүліктері мен қазанаттары сөңдеп, мерекеге бірлесе үн қосты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Қаратал-Ойыл.

ЖАҢА ОРТАЛЫҚ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ ҮШІН ТИІМДІ



«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ («Бейтерек» АҚ еншілес ұйымы) Ақтөбе облыстық филиалы кеңес беру орталықтары желісін кеңейтіп отыр. Кеше 101-атқыштар бригадасы бойынша «Наурыз» сауда үйінде тағы бір кеңес беру орталығы ашылды.

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің облыстық филиалы бұл шараны Жастар жылы және Ақтөбе қаласының 150 жылдығы аясында ұйымдастырып отыр. Мұндай кеңес беру орталықтарының тұрғындар үшін тиімділігі сол — келушілер кезектен тыс депозит ашып, баспаналы болудың жолдары туралы ақпараттарды жылдам ала алады. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Ақтөбе облыстық филиалының басшысы Жеделбек Мұрзағалиевтің айтуынша, мұндай орталықтарды барлық аудандардан ашу жоспарланып отыр.

— Бұған дейін қалада осындай сегіз кеңес беру орталығы ашылған болатын. Олар Сәңкібай батыр көшесіндегі Халықтық кеңседе, «Нүрдіулет», «Матадор», «Мега Шығыс» сауда үйлерінде, Қарғалы елді мекеніндегі Энерготиімділік орталығында, Теміржол вокзалы маңындағы Теміржол көшесі 77-үйде, Балалар өлемі және Акация аялдамалары маңындағы Есет батыр 154-үй, Ш.Уәлиханов 14-үйде орналасқан.

Сондай-ақ, тұрғындардың сұрауы бойынша Хромтау қаласында да бір кеңес беру орталығы ашылған-ды. Бірінші жарты жылдықта мұндай орталықтар басқа аудандарда да ашылады, — дейді ол.

Шара барысында аталған банктің тұрғындарға баспана алу үшін жеңілдікпен несие беру, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мәселелері де айтылды. «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезінде Президент Нұрсұлтан Назарбаев көпбалалы және толық емес отбасыларға, табысы төмен бірақ

мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға баспана қолжетімділігін арттыру қажеттігін айтқан болатын. Бұл санаттағы азаматтарға Елбасы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің жүйесі арқылы 2-3 пайызбен тұрғын үй қарызын бере алатын механизм ойлап табуды тапсырды.

— Президент осы мақсатта Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне жыл сайын 50 миллион теңге көлемінде қаржы бөліптінін айтты. Қазір Елбасының тапсырмасы бойынша жеңілдетілген пайызбен несие берудің механизмдері қарастырылып жатыр. Ақтөбеде мамыр-маусым айларынан бастап көпбалалы және толық емес отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға қолжетімді баспана алуға мүмкіндік беріледі. Азаматтар бастапқы 10 пайыз жарнасын салып, 25 жылға дейінгі мерзімге 2 пайыз жылдық үстемемен пөтер ала алады. Ақтөбеде кемінде мыңға жуық отбасы осы механизм бойынша пөтер лады деген жоспарымыз бар, — дейді Ж.Мұрзағалиев.

Шара барысында жаңадан ашылған орталыққа кеңес алуға келгендер қарасы көп болды. Банк филиалы басшысының айтуынша, орталықтарда банк филиалы кеңсесіне қарағанда кезек аз. Келушілер жұмысын аз уақыттың ішінде бітіре алады. Екіншіден, кеңес беру орталықтарының орталық базардың, темір жол вокзалының маңында орналасуы да аудан, ауыл тұрғындары үшін өте тиімді. Себебі көпшілік аудандарға қатынайтын такси көліктері дәл осы базар мен вокзал маңынан жүреді, яғни, аудандардағы тұрғындар қала орталығында орналасқан банк ғимаратына келмей-ақ, осы жерлердегі кеңес беру орталықтарына барып, білгілері келетін сұрақтарына жауап ала алады.

Ұлағатты істің үлгісі

Наурыз біз үшін ұлттық мереке. Десек те, бұрын тек бір орталық алаңайға тігілген киіз үйлер мен мекеме-кәсіпорындар қызметкерлерінің күшімен дайындалған көше тарату, сол алаңдағы мерекелік ш а р а л а р м е н шектелетін. Соңғы ж ы л д а р ы жалпыхалықтық сипат алып келеді. Былтыр бастау алған көше Наурызын биыл бірнеше отбасы бірігіп, бір аймақтың тұрғындары



топтасып, көшеге киіз үй тігіп, қазан көтеріп, 22 наурыз күні нағыз мерекенің шырайын көрсетті. Сол күні аудан әкімі ынтымақ пен үлгілі іске ұйытқы болған тұрғындарды арнайы барып құттықтады. Ұлттық мерекені ұлықтап, жастарға үлгі көрсеткен тұрғындардың үлкендерімен керіснен аудан басшысы жылы лебізін жеткізіп, Наурыз көжеден дәм татты.



ҚАРАОЙДАҒЫ МЕРЕКЕ «БӨЙГЕТӨБЕДЕ» ТАЙ ЖАРЫСЫНА ҰЛАСТЫ

22-наурыз күні Қараой ауылында Қараой мектеп-балабақшасының ұйымдастыруымен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі тойланды. Наурыз мерекесі Қараой ауылдық округінің әкімі Займолдин Сәкен Ғазизұлының құттықтауымен басталып, той-думанға жалғасты. Алдымен мектеп ұстаздары Наурыз мерекесінің тойлануы және ұлттық тағамдардың жасалуы туралы қойылым көрсетті. Мерекеге Наурыз керуенімен бірге Қызыр баба мен құлпырған Наурыз-Көктем келіп, ақ бата мен өннен шашу шашылды. Ұмыт болған салт-дәстүрлерімізді жаңғыртқан ауыл мекемелері мен ауыл жастары да бұл мерекеден қалыс қалмады. Ойыл ауданынан келген қонақтар той-думанدى тамашалап, Қараой ауыл тұрғындарын мерекемен құттықтады. Ұлттық ойындардан жарыс ұйымдастырылды. Қазақ күресі, қол күрес, арқан тартыс, пір көтеру сияқты ұлттық ойындардың жеңімпаздары марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Ұлттық ойындар жалғасы «Бөйге төбедегі» тай жарысына ұласты.

Айнұр БАЛМҰХАНОВА, Қараой мектеп-балабақшасының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ЖАС МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ІЗДЕНІСІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЫНТАСЫН АРТТЫРЫП ОТЫР

ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ УАҚЫТ АҒЫМЫНА ІЛЕСІП, ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИГЕРІП ЖАТҚАН АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ БІЛІМ ОШАҚТАРЫНЫҢ БІРІ. АЙТУЛЫ БІЛІМ ОШАҒЫНДАҒЫ ЖАС ПЕДОГОГТАР ЕЛБАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫНДА «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ РЕФОРМАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ БУЫНЫ ОСЫ ЗАМАНҒЫ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСТЕРІН, АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЖАППАЙ ЕНГІЗУ, БҮЛ КЕЗЕНДЕ НАЗАРДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУЫНА ҚАЖЕТ» - дегеніндей инновациялық оқытуды өз ТӘЖІРІБЕЛЕРІНЕ ЕНГІЗІП ОТЫР. Яғни мұнда ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ МЕН ИКЕМДІЛІКТЕРІН ДАМУЫ ЖАҚСЫ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН.



Елбасының «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы аясында «100 кітап» жобасы және Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектеп дәлізінде «Электрондық кітапхана» стенді жасалынған. Стенд кітап мәкетінде бейнеленіп, ондағы кітаптарға ғаламтор арқылы оқу қажеттілік жолдағы браузерге QR код арқылы оқылуына негізделген. Бұл арада одан бөлек қазақтың 20-ға жуық кинофилмдері де жинақталған. Сонымен бірге Елбасымыздың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламалық мақала-сының «Туған жер» бағыты бойынша Ойыл аудандық электрондық карта стенді жасалынған. Стенд Ойыл ауданының географиялық карта мәкетінде бейнеленген. Бұл стендте де ауданға қарасты ауылдық округтер туралы мәліметтер ғаламтор арқылы мекенжайлық жолақты браузерге QR код арқылы оқуға мүмкіндік бар. Қазіргі таңда түсінікті тілмен айтқанда, ақылды тақталарды Ойыл қазақ орта мектебінің информатика пәнінің мұғалімі, II санатты, модератор — педагог Қымбат Имағамбетова басқарады. Яғни 20 минуттық қоңыраулар мен мектепшілік апта-лықтар кезінде оқушылар ақылды тақадан қажетті материалдарды алады. Қымбат ақылды тақтаға

орнатылған мәліметтермен бөлісуге еш жалыққан емес. Керісінше ақылды тақтасын интернет желісі арқылы қызықты мәліметтермен толықтырып, үнемі жаңартып отырады. Сондықтан болар оқушылардың ақпарат алуға деген қызығушылығы күн санап артып



Ақеділова Гүлсезім Өркенқызын 6 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Жасқа толған құлыншағым, Қандай тәтті шырын шағың. Ата-анаңның құшағында, Ұзақ болсын ғұмыр бағың. Денсаулығың мықты бол, Гүлдей жайнап, жүре бер. Болашақта бақытты бол, Мұратыңа жете бер. Тілек білдірушілер: Махановтар отбасы, нағашылары.



ОЙЫЛ АУДАНЫ, ОЙЫЛ АУЫЛЫНДАҒЫ АТАУСЫЗ КӨШЕГЕ (Т.ҚАҢТАРБАЕВ КӨШЕСІНЕ ПАРАЛЛЕЛЬ) ҚҰЛЖАБАЙ БИ БЕКҚҰЛЫҰЛЫНА АТЫН БЕРУ БЕРУ ТУРАЛЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИЫНЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Ойыл ауылы «06» наурыз 2019 жыл **Өткізілген орыны:** Ойыл ауылдық округі өкімдігі ғимараты. Көкжар көшесі №69.

Өткізілген уақыты: 06 наурыз 2019 жыл сағат:15-00

Қатысқандар: Ойыл ауылының тұрғындары, 30 адам, соның ішінде атаусыз көше тұрғындары 17 адам. Ескерту: аталған көше бойынша жалпы тұрғындар саны 17 адам, жиынға қатысуға құқығы бар тұрғындар саны - 13 адам. Жиынға қатысқандары - 30 адам.

Жиынды ауылдық округ әкімі Д.Бисебаев ашып, жиын төрағалығына Ойыл ауылының тұрғыны Ж.Мусин, жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін және президиумға ауыл тұрғыны Ғ.Карасаев, С.Қартбаев аталған көше тұрғыны **Құлжабай би Бекқұлыұлына атын беру туралы** ұсынылды. Ұсыныс дауысқа салынды және қолдау тапты. Қарсы, қалыс қалушы жоқ.

Күн тәртібінде:

Ойыл ауылындағы атаусыз көшеге Қазақ халқының орыс отаршылдығынан құтылуы үшін 30 жылдай уақыт (1773-1801 жылдары) күрескен ұлы күрескер Сырым бабаның сенімді серіктерінің бірі болған — Қазақ халқының бетке ұстар азаматы, сол кездегі білікті биі ретінде мемлекеттік маңызды істерге үлкен жігермен араласқан, парасатты басшы, ақылшы аға, көреген кәсіп ретінде өз елін талай рет тағдыр соққысынан аман алып шыққан, үнемі ел қамфын ойлап, оларды ұлттық азаттық көтеріліске көтерген Құлжабай би Бекқұлыұлына атын беру туралы мәселені қарау.

Жиынды әрі қарай ауылдық округ әкімі Д.Бисебаев жүргізіп жиынға қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып, **Құлжабай би Бекқұлыұлына** қатысты құжаттарды ұсынды.

Ақтөбе қаласының тұрғыны Н.Есенғазыдан 21.02.2019 жылы Ойыл ауылындағы Т.Қаңтарбаев көшесіне паралель атаусыз көшеге Құлжабай би Бекқұлыұлына атын беру туралы Ойыл ауданы әкімшілігіне хат жазып, осы ұсыныстың түсіп отырғандығын айтып, Құлжабай би Бекқұлыұлының өмірбаянымен таныстырды.

Тұрғындарға сөз берілді.

Шығып сөйлеушілер:

ауыл тұрғыны: Ғ.Карасаев
ауыл тұрғыны: Ө.Сағатов
Жиынның төрағасы: Д.Бисебаев
Төралқа құрамы: Ж.Мусин
Хатшысы: С.Исгарина